

бөгде адамдар жоқтығын, сондай-ақ өзінің жұмыс үстелінде тыйым салынған заттардың жоқтығын дәлелдеуі тиіс.

4 қадам

1. Білім алушылар ZOOM, гуглклассрум бағдарламалары бойынша кешенді емтихан тапсырады.

2. Емтиханның билетін беру гуглклассрумдағы лентада жүргізіледі.

3. Білім алушы гуглклассрумдағы лентада емтихан билетінің номерін жазады (номер тек бір рет қана жазылады)

4. Техникалық хатшы білім алушының емтиханда таңдап алған билетін гуглклассрумда немесе Whats App-та жібереді.

5. Білім алушыларды қорытынды емтихандарды тапсыруға жіберу туралы институт директорының өкімі негізінде техникалық хатшы тек қорытынды емтихан тапсыруға рұқсаты бар білім алушыларды ғана гуглклассрумда таңдап алады және білім алушылардан лентадан билеттің номерін таңдауды сұрайды.

Билетті алған кезде білім алушы гуглклассрумның лентасында немесе Whats App-тың чатына оны алғаны туралы келесі мәтінде хабарлайды: «С.Аманов. №__ емтихан билетін алдым» деп жазады.

6. Гуглклассрумда жауап беруге дайындалудың басталуы тіркеледі. Жауап беруге дайындалудың ұзақтығы 1 академиялық сағат. Білім алушылар жауап парақтарына (арнайы үлгідегі) өз қолдарымен жауаптарын жазады.

7. Берілген уақыт біткен соң әрбір білім алушы өзінің жауап парағын сканерлеп алуы (айқын, оқылатын суретін), гуглклассрумға жүктеп, жеке жауап парағын беттер санын көрсетіп, тапсырғаны туралы чатта хабарлауы тиіс.

8. Білім алушыларға жауап дайындауға берілген уақыт аяқталғаннан кейін, техникалық хатшы білім алушылардың гуглклассрумда барлық жауаптарының бар екенін тексеруге және білім алушының ауызша жауап беруге дайын екені туралы чатта хабарлауы тиіс. Бұл жерде әрбір білім алушы ауызша түрде жауап беруге дайын екенін жазуға міндетті.

9. Егер техникалық себептермен білім алушы гуглклассрумда өзінің жауап парағын жүктей алмаса, онда оны техникалық хатшының Whats app-на жібереді. Бұл жағдайда техникалық хатшы білім алушының жауап парағын жүктеуге міндетті.

4 қадам

1. Техникалық хатшы немесе кафедра меңгерушісі білім алушыны, қорытынды аттестаттау комиссиясының төрағасын және қорытынды аттестаттау комиссиясының бір мүшесін телефонмен Whats app арқылы емтихан қабылдауға қосады.

2. Бейнеқоңырау бойынша жауап беруге бір студентке 15 минут беріледі (студенттің жауабын тыңдау –10 минуттан аспайды, МАК мүшелерінің сұрақтары - 5 минуттан аспайды). Техникалық хатшы гуглклассрумдағы чатта кімге бейнеқоңырау жасалғанын жазады.

Телефонның бейнеқоңырауына міндетті түрде комиссия төрағасы мен мүшесі қосылуы тиіс. Бейнеқоңырауға қосылмаған, білім алушының жауап парағымен танысқан, бейнеқоңырауға қатысқан қорытынды аттестаттау комиссиясының қалған мүшелері чатқа жазып, бұл білім алушыға өзінің сұрағын қоя алады. Бейнежауап аяқталғаннан кейін студент чатта берілген сұрақтарды оқып шығып, өзінің жауаптарын чатқа жазуы тиіс.

Қалған білім алушылар да осындай процедурадан өтеді.

5 қадам

1. Шығармашылық мамандықтар бойынша (Хореография, Дәстүрлі музыкалық өнер, Музыкалық білім) кешенді емтихандарды ұйымдастырған кезде, кафедра меңгерушісі білім алушыларға кешенді емтихан сұрақтарын ұсынады.

2. Білім алушы алдын ала әр сұрақ бойынша өзінің өнерін бейнежазбаға түсіріп алуы, оны [youtube.com](https://www.youtube.com/channel/UCQQnTfBQGxitNn5Y2toRruA?view_as=subscriber) Қорқыт Ата атындағы ҚМУ арнасында https://www.youtube.com/channel/UCQQnTfBQGxitNn5Y2toRruA?view_as=subscriber жариялауы және осы арнада өзінің жұмыстарына (билер, фрагменттер, суреттер т.б.) сілтемелер дайындауы тиіс.

3. Білім алушы емтихан билетін алған кезде, практикалық сипаттағы сұрақтар бойынша өз жауабын гуглқласрумға жібереді, [youtube.com](https://www.youtube.com) арнасына сілтемені жүктейді.

4. Жауапты тыңдау кезінде қорытынды аттестаттау комиссиясының төрағасы мен мүшелері білім алушы ұсынған сілтемені ашып, оның бейнеқоңыраудағы жауабын тыңдайды.

Оқу процесінің тіркеуші
офісінің бастығы

 А.Т. Үргенішбеков

Академиялық саясат
басқармасының басшысы



Ж.М.Майгельдиева